

Шал ақын ауданы әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 241 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 қазанда N 1046 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 7 қазандағы N 238 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2011.10.07 N 238 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Заңының 13-бабына және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 26 мамырдағы N 114 "Облыс әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі бекітілсін.

2. Аудан әкімдігінің 2002 жылы 3 мамырдағы N№42 "Шал ақын ауданы әкімдігінің резервін пайдалану тәртібі туралы" қаулысының және 2002 жылы 3 мамырдағы "Шал ақын ауданы әкімдігінің резерв қаражатын пайдалану ережесі туралы" қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.В.Ткаченкоға жүктелсін.

Аудан әкімі

Ш а л	а қ ы н	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і н
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	6	қ а з а н д а ғ ы
" Ш а л	а қ ы н	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і н
р е з е р в і н		п а й д а л а н у	Е р е ж е с і
т у р а л ы "	N	2 4 1	қ а у л ы с ы м е н
Бекітілді			

Аудан әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Шал ақын ауданы әкімдігінің резерв қаражаттарын (әрі қарай - әкімдік резерві) аудандық Мәслихаттың шешіміне сәйкес қаржы жылында

бекітілген сомалар шеңберінде бөліп алу және шығындау механизмін белгілейді.

2. Аудандық бюджет құрамында көзделмеген шығыстарды қаржыландыру үшін тиісті қаржы жылына аудан әкімдігінің резерві "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-І Заңының 13-бабына және "Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 261 Заңына және 2000 жылғы 19 мамырдағы өзгерістерімен "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңына сәйкес қалыптастырылады. Аудан әкімдігінің резервінде

м ы н а л а р :

аудан әкімдігінің қаулысымен айқындалған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға

а р н а л ғ а н қ а р а ж а т ;

сот шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдар міндеттемелерін өтеуге арналған қаражат көзделеді.

Сот шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеу үшін аудан әкімі резервінің құрамында қарастырылған қаржы толық көлемде пайдаланылған жағдайда, егер өтелмеген міндеттемелер болса, онда аудан әкімі жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне өзгертулер енгізу жолымен аудан әкімі резервінің көлемін ұлғайту туралы аудандық мәслихатқа

ұ с ы н ы с е н г і з е д і .

3. Аудандық әкімдік резервінен қаражат бөлу аудан әкімдігінің қаулысымен белгіленген, Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылдың 16 қазанында N 2012 тіркелген Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес алушысы, қаражат мөлшері және олардың мақсатты жұмсалу бағыты көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Аудан әкімдігінің резерв қаражатын мақсатты белгіленген және қаражат бөлу туралы аудан әкімдігінің қаулысында көрсетілмеген мұқтаждықтарға пайдаланыла алмайды. Аудан әкімдігінің резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімдігінің қаулысы қаржы жылы өткеннен кейін күшін жояды. Қаражаттың пайдаланылмаған қалдығы, сондай-ақ аудан әкімдігі резервінің мақсатты пайдаланылмаған қаражаты аудандық бюджетке қайтарылады.

5. Аудан әкімдігінің резерв мөлшері аудандық бюджет түсімдері көлемінің

е к і п а й ы з ы н а н а с п а у ы т и і с .

6. Бюджеттің атқарылу процесінде тапшылықтың нақтыланған деңгейінің жоғарылауы немесе бюджетке түсетін кірістердің едәуір төмендеуі қалыптасқан жағдайда, белгіленген тәртіпте аудан әкімдігінің резерв шығыстары бойынша секвестрлеу енгізіледі.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу

7. Аудан әкімдігі резервінен төтенше жағдайларды жоюға бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне қаражатын бөлу мәселелерін аудан әкімдігі қарастырады. Бұл ретте негізделген материалдар мен олардың тізбесін ұсыну ережесін ауданның жергілікті қаржы органдары анықтайды.

8. Аудан әкімдігінің резервінен қаражат бөлу мәселесі селолық аймақтар мен Сергеевка қаласы әкімдерінің қаржы басқармасына жергілікті бюджет қаражатының жұмсалуды және оның көлемі туралы ақпаратты міндетті түрде ұсынылғанда, қаралады.

9. Сондай-ақ, төтенше жағдайларды жою үшін аудан әкімдігі резервінен қаржы бөлу:

төтенше жағдайлардың туындау нәтижесінде зардап шеккен азаматтарға материалдық көмек көрсетуге;

зардап шеккен тұрғындар тұратын және тамақтанатын уақытша пункттер ашуға және ұстауға;

шұғыл әрекет ету апаттық-құтқару және апаттық-қалпына келтіру бөлімшелерін техникалық құтқару құралдарымен, жабдықтармен жарақтармен қосымша жабдықтауға;

кәсіпорындар мен ұйымдарды тарта отырып жүзеге асырылған құтқару және апаттық-қалпына келтіру жұмыстарын өткізуге арналған шығыстарды, олардың меншік түрінен тәуелсіз өтеуге;

төтенше жағдайлар зонасын тасымалдармен, күштермен және құралдармен қамтамасыз ету бойынша шығындарды өтеуге;

төтенше жағдайларды жоюға байланысты басқа да іс-шараларға жүргізіледі.

3. Сот шешімдері бойынша аудандық бюджет есебінен ұсталатын жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге қаржы бөлу

10. Сот шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге арналған аудан әкімдігі резервінен қаржы бөлу туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасын белгіленген заңды тәртіпте аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі немесе аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган дайындайды.

11. Сот шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың

міндеттемелерін өтеу соттың атқарушы құжаттары болған және мекеме сметалары есебінен өтеу мүмкін болмаған жағдайда аудан әкімдігінің резерві есебінен қамтамасыз етіледі.

4. Басқа да көзделмеген шығындарға қаражат бөлу

12. Ағымдағы жылы және ағымдағы қаржы жылында кідіріссіз шешімді талап ететін аудандық бюджетті және аудан бюджетін қалыптастыруда толығымен көзделмеген немесе жеткіліксіз көлемде көзделген шығыстарды, өзге де күтілмеген шығыстарды қаржыландыру аудан әкімдігі резервінен жүзеге асырылады.

13. Аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, селолық аймақтар мен Сергеевка қаласы әкімдері өзге де күтілмеген шығыстарға аудан әкімдігі резервінен қаражат бөлу үшін ауданның қаржы басқармасына қаражат бөлу туралы қажетті негіздемелері және есептерімен өтінім ұсынады.

14. Ауданның қаржы басқармасы ұсынылған өтінім негізінде аудандық әкімдік резервінен қаражат бөлудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

15. Аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі бойынша оң қорытынды болған жағдайда, өзге де күтілмеген шығыстарға аудан әкімдігі резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасы белгіленген заңды тәртіпте осы аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері дайындайды.

5. Бақылау және есеп беру

16. Аудандық қаржы басқармасы тоқсан сайын аудан әкімдігі резервіндегі қаржы және оны пайдалану туралы мәліметтерді аудан әкімдігіне ұсынады.

17. Облыс әкімдігі резервінен қаржы алған бюджеттік бағдарлама әкімшілері, селолық аймақ әкімдері, қаржы басқармасы белгілеген тәртіпте және мерзімде бөлінген қаражат мөлшері мен орындалған жұмыстардың құны туралы есепті қаржы басқармасына ұсынуы тиіс.

18. Аудан әкімдігі резервінің мақсатты пайдаланылуын бақылауды аудандық қаржы басқармасы, ауданның қазынашылық бөлімі жүргізеді.

19. "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аудан әкімдігі резервінің қаражатын пайдалану ережесін бақылауды мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және бақылау департаменті жүзеге асырады.

20. Бөлінетін бюджеттік қаражатты мақсатты және тиімді пайдалану жауапкершілігі Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген тәртіпте алушыға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК